

Илияс Омаров пен Өзбекәлі Жәнібековтің ортақ мақсаты — қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мен дамыту болғанын зерттеу нәтижелері көрсетеді. Олардың шығармашылығында қазақтың ұлттық тілінің байлығы мен қазақтың мәдени құндылықтары басым орын алған. Бұл тұжырымдама Омаров пен Жәнібековтің мәдениет саласындағы өзара ұстанымдары мен көзқарастарының сәйкес келетіндігін айқындайды. Жәнібеков өз естіліктерінде былай делінген. «Мен Илияс Омаровпен қайсы бір тарихи оқиғаларға, әдебиет пен өнер туындыларына партиялық тұрғыдан баға беруде жіберілген "кемшіліктер" үшін қуғын-сүргінге түсіп, қызметсіз де қалып, өмірден зәккі бола бастаған шағында таныстым. Бірақ ол ешқашанда қажыған, мойыған пиғыл көрсетпейтін, керісінше, өмірсүйгіштігімен, еңбекқорлығымен, іскерлігімен жұртты өзіне тартатын. Илияс Омаровтан кейін, сол секілді Қазақстан Компартиясы Орталық, комитетінің идеология жағын басқарған хатшыларының елтану мәселелеріне тікелей араласқандарын көрген емеспін. Көп оқығандығы сонша, дүниежүзілік немесе орыс классикасының, бұрын соңғы қазақ әдебиеті шығармаларының қай-қайсысынан болса да бетпебет үзінді келтіріп, пікір таластыра алатындықтан онымен тікелей қатынаста болу біз үшін үлкен мектеп болатын. Оның Қазақ республикасына сіңірген еңбегі, шығармашылығы өз алдына зерттеп, білуді қажет етегін құбылыс. Ілекеңнің әсіресе әдебиеттануда, публицистикада қалдырған мұрасын жинақтап бастыру кезек күттірмейтін нәрсе. Осындай күрделі тұлғаның ел алдындағы қызметіне лайықты баға беретін деректі фильм, радиотеледидар хабарларын ұйымдастыру қажет. Оны есте қалдырудың да шешімін таба алмай келе жатқаны өкінішті-ақ. Мұның өзі тек біз үшін ғана керек емес, жастарға, әсіресе болашақ ұрпаққа ізгілік, отаншылдық, рухта тәрбие беру ісіне қосылған үлес болар еді. Илияс Омаров шығармашылығын зерттеп, білу Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеумен тікелей айналысатындарға да үлкен көмек болатыны даусыз.» [1,405-406б.].

Қазіргі уақытта ұлттық тарихты дұрыс түсіну және оны жаңғырту мәселесі өзекті болып отыр. Ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту үшін Омаров пен Жәнібековтің қызметін зерттеу олардың тарихты танудағы және оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жолындағы ұлы еңбектерін кеңінен түсінуге мүмкіндік береді. Ұлттық сананы жаңғырту.

Қазақ халқының тарихи санасын жаңғырту, ұлттың өткенін дұрыс бағалау және оны болашақта лайықты түрде қолдана білу. Олар ұлт тарихын жаңғырту мен тарихи сананы қалыптастыру бағытында ерекше жұмыс жасай білді. Бүгінгі күнде бұл мәселе қазақ қоғамында маңызды жоғары өзекті мәселе болуы тиіс. Сондықтан олардың ортақ мақсаттарының зерттелуі қазіргі қоғамға ұлттық сана мен тарихты дұрыс ұғынуға септігін тигізеді. Илияс Омаров пен Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ мәдениетіне қосқан үлесі бүгінгі қоғам үшін аса маңызды. Олардың шығармашылықтары мен қоғамдық қызметтері ұлттық мәдениетті сақтап қалуға, оны дамытып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Омаров пен Жәнібековтің еңбектері қазіргі қазақ қоғамының мәдени, рухани өмірінде үлкен маңызға ие және олардың қызметін зерттеу мен насихаттау бізге ұлттық болмысымызды сақтап қалуға көмектеседі.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Өмір мен өнері. (Очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) - Алматы: "Ана тілі" баспасы.
2. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/763>
3. https://nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=3452&catid=47&Itemid=127&lang=kz

ТАРИХТАҒЫ КҮРДЕЛІ ТҮЛҒА: СТАЛИН ЖӘНЕ ОНЫҒЫ ТҮЛҒАЛЫҚ ИДЕОЛОГИЯСЫ

Абдрахман К.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., асс.профс Туякова А. Е.

Астана Халықаралық Университеті

korkemiese@icloud.com

Астана қ.

Жалпы әлемдік тарихта көптеген мемлекет қайраткерлері өздерінің әсерлі сөздерімен, баурап алатын харизмасымен халық қалаулыларына айналды. Ал авторитарлы, тоталитарлы мемлекеттерде бұл тұлғалық идеологияның қалыптасуына алып келді. Бұл идеологияның белсенді көрінісі ХХ басында байқалады. ХХ ғасырдың классикалық диктаторлары - фашистік Италиядағы Б. Муссолини, фашистік Германиядағы А. Гитлер, кеңестік Ресейдегі И. В. Сталин, Солтүстік Вьетнамның тұңғыш Президенті Хо Ши Мин, ҚХР-да Мао Цзэдунды атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта И.В. Сталиннің тұлғасы Ресейдің қоғамдық-саяси кеңістігінде ең көп талқыланатын және пікірталас тудыратын тақырыптардың біріне айналды. Соңғы жылдары И.В. Сталиннің есімі бұқаралық ақпарат құралдарында жиі көрініс табуда, сондай-ақ оның құрметіне ескерткіштер орнату бойынша қоғамдық бастамалар пайда болуда. Мәселен, 2017 жылы Мәскеу мемлекеттік заң академиясында И.В. Сталинге арналған мемориалдық тақта орнатуға байланысты кең көлемді қоғамдық пікірталас өтті. 2019 жылы Нижегород облысының Шахунья қаласындағы көпқабатты үйдің қабырғасында да И.В. Сталинге арналған мемориалдық тақта орналастырылды. Сол жылы қазан айында Хабаровск өлкесінің Сосновка ауылында И.В. Сталинге

арналған ескерткіш ашылды. Ал 2019 жылдың мамыр айында Новосібірде осындай ескерткіштің ашылуына арналған митинг өтті. Бұлоқиғалар қоғамда әртүрлі және қарама-қайшы пікірлер туғызды. 2019 жылы жүргізілген социологиялық сауалнамаларға сәйкес, ресейліктердің 70%-ы И.В. Сталиннің мемлекет тарихындағы рөлін оң деп бағалайды, ал сауалнамаға қатысқандардың 46%-ы сталиндік кезеңдегі қылмыстарды «ұлы мақсаттар мен нәтижелермен» жолында ақталды деп санайды. Ал 45%-ы бұл ойға қарама-қайшылығын білдірді [5].

Аталмыш мақала мақсаты И. В. Сталиннің тұлғалық идеологиясының қандай бағытта жүзеге асқанын анықтау. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады: И. В. Сталиннің БАҚ-тағы бейнесіне шолу жасау; И. В. Сталин дүние салғаннан кейінгі жарық көрген мұрағаттармен талдау жүргізу.

Соңғы онжылдықтарда, 1990 жылдардағы «Мұрағаттық революциядан» кейін И.В. Сталин және оның айналасындағы адамдар туралы көптеген кітаптар мен мақалалар шыға бастады. Тек ХХІ ғасырдың басынан бастап Ресейде және шетелде мыңдаған жұмыстар жарық көре бастады. Белгілі орыс тарихшысы О. Хлевнюк жазғандай: «Сталин және оның саясаты туралы жарияланымдардың саны тым көп. Тіпті мамандар да олардың көп бөлігін оқымағанын мойындаудан ұялмайды» [8, 116]. Бірақ басылымдардың көптігіне қарамастан, Сталиннің өмірбаянында әлі де көптеген түсініксіз жайттар, ақ таңдақтар, оқшылықтар, бұрмалануға ұшыраған құжаттардың бір бөлігі бар.

Сталиннің жақын шеңберінде жүрген адамдарынан тек екеуі — Н. Хрущев пен А.Микоян егжей-тегжейлі естеліктер қалдырды. Бұл өте маңызды және құнды деректер, дегенмен екі қайраткер де көптеген оқиғаларды айтпай қалды. Кейбір оқиғаларды мысалы, олардың жаппай қуғын-сүргінге қатысқанын жасырып, әдейі үнсіз қалды. Алайда, олар объективті себептерге байланысты көп жайттарды білмеді. Сталиндік ортада қатаң ереже болды: әрқайсысы өзінің тікелей міндеттеріне қатысты ақпаратты алады. [8, 17 б].

Сталинге жеке басқа табыну мәселесі Қайта Құру кезеңіне дейін зерттелмеген тиым мәселелердің бірі болды. Хрущевтің 1956 жылғы құпия баяндамасынан кейін көп ұзамай кеңестік диктатордың бейнесі алдымен сынай тұрғыда қарастыруға қол жетімді болғанымен, кейін қоғамдық пікірталастар үшін тыйым салынған тақырыпқа айналды. А.Б. Пономарев: «Бұл өте күрделі тұлға - тарихтағы Сталинмен абай болу керек». Кеңестік тарихнама осы қағиданы қаншама уақыт ұстанып келді, ұстанды. Нәтижесінде Кеңес көшбасшысы туралы ресми ақпараттар энциклопедиялық басылымдардағы лауазымдары, атақтары мен марапаттары қысқаша және құрғақ сипаттамалармен шектеліп қалды [2, 21 б].

ХХ ғасырдың 40-шы жылдардың аяғы мен 50-ші жылдардың басында Сталиннің жеке басына табынушылықтың апогейі басталды. Мемлекет халықтың Көсемге деген жаппай сенімін күшейте отырып, Кеңес өкіметінің беделін нығайтты. Ресейлік зерттеуші Елена Зубкова жазғандай: «Сталиндік режим азаматтардың санасына ықпал етудің әртүрлі тетіктерін — үгіт-насихаттан бастап террорға дейін — өте тиімді пайдаланып, қоғамда режимнің беделін сақтауға бағытталған тиісті көңіл-күй қалыптастырды».

Соғыстан кейінгі уақытта «культін» ең көрнекті мысалы ретінде, 1949 жылы желтоқсанда Сталиннің 70-жылдығына арналған мерейтойларды атап өтуге болды, ол бүкіл Кеңес Одағында үлкен көлемде өтті. Республиканың барлық ірі және шағын қалаларында мерекелік іс-шаралар өткізілді: концерттер, конференциялар және кездесулер өткізілді. 1949 жылы 21 желтоқсан И.В. Сталиннің туған күні демалыс күні болып жарияланды. [4, 184 б]. Сталинға Беларусь халқының атынан өлең түріндегі құттықтау жарияланып, «Коммунистік партия мен кеңес халқының ұлы көсемі және ұстазы» атты кітап басылып шықты. Ақын Аркадий Кулешов «Халықтар көсемі туралы сөз» атты шығармасын жазса, БССР-дің халық суретшісі Иван Ахремчик «Сталиннің партизандарды қабылдауы» атты картинасын салды, ал мүсінші Сергей Селиханов «Сталин және оның анасы» атты мүсіндік композициясын жасаған болатын. Беларусь жұмысшылары Сталин жолдасқа әртүрлі сыйлықтар тарту етті: алтын оюлармен инкрустацияланған ағаштан жасалған көсемнің портреті, түрлі ағаш түрлерінің 150 мыңға жуық бөлшегінен жасалған мозайкалық портрет, 2345 бөлшектен тұратын 12 қырлы үстел, республиканың елтаңбасы бейнеленген 12 қырлы дастархан, сондай-ақ Минск мотоцикл және велосипед зауытынан никельмен қапталған және алтын жалатылған бөлшектерден жасалған велосипед және т.б. [4, 185 б].

1950 жылы маусымда Шығыс Берлинде ресми кеңес делегациясының қатысуымен «Падение Берлина» киноэпопеясының салтанатты премьерасы өтті. Фильмнің соңғы көрінісі 1945 жылы мамырда Жеңіс күнін мерекелеу кезінде Рейхстагтың алдында Берлинде ұшақтың қонуын көрсетеді. Ұшақтың есігі ашылып, Сталиннің өзі генералиссимус формасында халық алдына эполеттері мен ордендері бар ақ салтанатты мундирымен шығады. Халық «Көшбасшының» портреттерімен Сталинды әлемді фашизмнен азат етуші ретінде дүрбелең қошеметпен қарсы алады. Дәл осы көріністе Сталиннің өмірбаянын жазушы Анри Барбустың сөздері экранизацияға түскен секілді: «Сталин - бұл орталық, Мәскеуден бүкіл әлемге сәулелермен бөлінетін барлық нәрсенің жүрегі». Фильм көрерменге жаңа билік орталығы мен жаңа «Көшбасшыны» ұсынады. Сталиннің Мәскеуден Берлинге келу көрінісінің өзі 1945 жылдан кейін Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің кеңестенуіне байланысты Сталин культінің орталық Мәскеуден перифериялық аймақтарға келуін білдіреді [2, 38 б].

Бұқаралық тарихи санада және көркем әдебиет пен кинофильмдерде Сталиннің қарама-қарсы екі бейнесі бір уақытта өмір сүреді. Кейбір адамдар үшін Сталин 1937 жылғы қуғын-сүргіннің символына айналса. Басқалары үшін Жеңіс жылы 1945 жылы негізгі тірек болды. Олар үшін Сталин әрқашан генералиссимустың

формасындағы әлемдік аренадағы басты тұлға болса, кейбіреулер үшін социализм мен сталинизм синонимдер сөздер ретінде қарастырылды [10, 313 б].

Тарихи оқиғалардың көркем нұсқалары, тарихи тұлғалардың стереотиптік бейнелері қоғамдық санада, қоғамның рухани өмірінде берік «қоныстанып» қалған. Олар ғылыми сипаттамалар мен мінездемелерге қарағанда әлдеқайда түсінікті. Олар көрнекі, әсерлі және жүректі елжіретіп, ойды баурап алады [10, 313 б].

Сонымен қатар, жеке басқа табыну объектісіне мемлекеттің саяси жүйесіндегі ерекше орнын бекітетін нақты атақтың өте маңызды сәттердің бірі. Мұндай атақтар Кеңес Одағында (вождь), фашистік Италияда (дуче) және ұлттық-социалистік Германия (фюрер) бар. Бұл атақ БАҚ-та И.В. Сталин есімімен бірге қолданылды:

Во главе партии стоит наш вождь и отец Иосиф Виссарионович Сталин. Шлем Вам, нашему любимому вождю, свой сердечный фронтовой привет. Дорогой друг, боевой товарищ, учитель и вождь! Не бьется больше сталинское сердце, но никогда не померкнет светлое имя великого вождя в сердцах советских людей и трудящихся всего мира. [6, 59 б].

1929 жылы 21 желтоқсанда Сталин елу жасқа толды. Осы күнгі "Правда" газетінің беттері партия тарихындағы Сталиннің рөлін, сондай-ақ оның бас хатшы, индустрияландыруды ұйымдастырушы, КСРО-ны жасаушы және ленинизм теоретигі ретіндегі барлық жетістіктерін дәріптеген партия басшыларының мақалаларымен толтырылды; Италиядан Индонезияға дейінгі коммунистік партия жетекшілерінің құттықтау жеделхаттары, Кеңес Одағындағы зауыттық парткомдар мен кәсіподақтардан құттықтаулар. «Правда» газетінен кейін басқа газеттер басшылардың осындай құттықтаулары мен бейнелерін жариялауды жалғастырды және бұл Сталинге табынудың алғашқы көрінісі жоспарланған және орталықтандырылған деп болжауға мүмкіндік береді [3, 55 б].

«С-Т-А-Л-И-Н» әріптеріне кейде заттық көрініс берілетін. Әуе парадтарында ұшақтар оның есімі түрінде сап түзеп ұшатын. Кейде әріптердің материалы адамдардың денелері болатын – мысалы, 1933 жылғы денешынықтырушылар парадында спортшылар денелерін «Сталинге сәлем» деген сөздер жоғарыдан оқыған кезде құралатындай сап түзеп тұрған болатын [3, 67 б].

«Правда» газетінің бір шығарылымында А. Стаханов көмір өндіру бойынша рекорд қоюына Сталин жолдастың әскери академия түлектеріне арналған сөзі шабыт бергенін мойындайды. В.П. Чкалов Мәскеу – Удд аралы бағыты бойынша қонбай ұшып келгеннен кейінгі сөзінде ұшып өткен қашықтықты «Сталин бағыты» деп атады. Ал «Ағыс үстіндегі мұз айдынында орналасқан кеңестік полярлық станция қызметкерлерінің хаты» деп аталатын жарияланымда экспедиция мүшелері, яғни «папаниншілер», кеңес үкіметінен станцияға Сталин жолдастың атын беруді сұрайды. Кеңес насихаты көрнекті ғалымдар мен инженерлердің жетістіктерін шебер пайдаланып, олардың нәтижелерін партия мен оның басшыларының еңбегі қатарына жатқызатын [1, 38 б].

«Правда» газетінің рөлін үгіт-насихат жүргізуші машинаның механизмі деп капиталистік елдердің туристері де мойындайды. 1936 жылдың жазында Кеңес Одағына француз жазушысы Андре Гиде келіп, ол өзінің сапар туралы естеліктерінде «Правда» газеті тек «нені білу керек, не ойлау керек және неге сену керек» деп жариялайтынын атап өтті, сондықтан Кеңес Одағында кез-келген мәселе бойынша тұрғындардың бір ғана пікірі болуы мүмкін еді.

1930-жылдардың екінші жартысынан бастап плакаттарда Сталин портреті бірнеше есе үлкен етіп бейнелене бастады. 1937 жылдың 1 қаңтарында шыққан «Правда» газетінің алғашқы беті сол заманның негізгі элементтерін көрсететін суреттермен басталады: Қызыл алаң, танкілер, ұшақтар, Лениннің портреті бар ұран ұстаған жұмысшылар тобы және олардың бәрін алыстан бақылап тұрған алып И. В. Сталин [1, 37 б].

«Правда» газетінің бірінші шығарылымынан бастап өмірінің соңғы сәттеріне дейін И.В. Сталин газетпен тығыз байланыста болды. Газетте И. В. Сталиннің марксизм-ленинизм теориясы және социалистік құрылыс практикасы, партия мәселелері және басқа да көптеген өзекті тақырыптар бойынша дәрістері мен мақалаларын жарияланған болатын. Газетте әр жылдары И. В. Сталин жазған мақалалар, оның ішінде редакциялық материалдар түрінде немесе беделді ғалымдар мен жазушылар қол қойған, олардың келісімін алған кезде басылып шыққан. Ол «Правда» газетінің бас редакторына қоңырау шалып, жазушының шығармасынан, драматургтің пьесасынан, қоғамдық немесе мәдени маңызы бар өлеңнен толық немесе үзінді басып шығаруды ұсынған [11, 83 б].

Сталинның бұл әрекетіне көз жүгірту арқылы, біз оның өзінің идеологиясына БАҚ-арқылы насихат жүргізгенін байқай аламыз. БАҚ-тағы И.В. Сталин бейнесімен тығыз байланыста жұмыс жасады. Елде болған қуғын-сүргін И.В. Сталиннің газеттегі фотосуреттерінің шығарылымының жиілеуіне алып келді. Сондықтан 1937 жылдары ел басшысымен иллюстрациялар жиі жарияланбады. Яғни, бұл И. В. Сталин бейнесінің жағымсыз оқиғалармен ассоциацияға ұшырауының алдын алу шаралары еді.

Азаматтық соғыс жылдарында оның мінезінің теріс тұстары бірден анық байқалды: қаталдық, дөрекілік, жолдастарына деген сый-құрметтің жоқтығы, менмендік, кез келген жағдайда жеке есеп айырысуға және өз тұлғасының маңыздылығын асыра көрсетуге деген талпыныс қабілеті. И.В. Сталиннің өзі редакциялаған «Иосиф Виссарионович Сталин. Қысқаша өмірбаяны» атты кітапта оның азаматтық соғыс жылдарындағы қызметін сипаттайтұай барысында «аяусыз», «темір қолмен», «темірдей ерік» сияқты сөздер жиі кездеседі. Мұнда И.В. Сталиннің өз-өзіне берген бағасы қарапайым деуге келмейді: «революция қолбасшысы», «көшбасшының көрегендігі мен қолбасшының талантының үйлесімі», «көрегендік», «стратегиялық данышпандық». [7, 96 б].

1953 жылдың 5 наурызында И.В. Сталин қайтыс болды. Кеңес Одағының тұрғындары көсемнің өлімін жеке бас қайғысы ретінде қабылдады. Ресейлік зерттеуші Юрий Аксютиннің айтуынша, «Можно, конечно, сомневаться в искренности авторов такого рода слововыражений и искать мотивы их не столько в любви, сколько в стремления непоколебимо засвидетельствовать свою правоту. Но нельзя сомневаться в том, что они отображали царившие тогда настроения простых людей» [4, 185 б].

Колхозшы Е. Маленок былай деді: «Егер Сталин жолдасты өз өмірімді құрбан ету арқылы құтқаруға мүмкіндік болса, мен оны еш ойланбастан берер едім, дегенмен біздің коммунизм ғасырында өмір қымбат. Бірақ сеніңіздер, қымбатты колхозшылар, Сталиннің өмірі әлемдегі ең қымбат нәрсе!» Осы тұста Елена Зубкова «Кеңес Одағындағы қоғамдық пікір тек іс-әрекеттер ғана емес, сөздер мен тіпті ойлар жазаланатын елдегі өмірдің өзі сияқты екіжүзді және күрделі болды. Сондықтан адамдар жиналыста бір нәрсені айтса, ал жақын адамдарымен мүлдем басқа жайтты айтатын», - деп баға беріп кеткен болатын [4, 191 б].

1943 жылы И. В. Сталин: «Я знаю, что после моей смерти на мою могилу нанесут кучу мусора, но ветер истории безжалостно развеет ее!», - деген болатын. Бұл болжау шыныменде жүзеге асқан секілді. Коммунистік партияның 1956 жылы 25 ақпанда өткен XX-ші съезінде Н. Хрущевтің әйгілі «Жеке тұлғаға табыну және оның салдары туралы» баяндамасымен сөз сөйлеген болатын. Бұл баяндамада Сталин диктатор, қуғын-сүргіннің бастамашысы, соғыстың алғашқы кезеңінде Қызыл Армияның жеңістеріне себепкер тұлға ретінде көрсетіліп, солшыл істерді ұйымдастырушы қорқақ деп бейнеленген. 1961 жылы 31 Қазанда И.В. Сталиннің денесі бар саркофаг түнде кесенеден алынып, Кремль қабырғасының жанына жерленген. Қабірге ескерткіш тек 1970 жылы орнатылды [9, 605 б].

Қалалар атауы өзгертілді: Сталинград Волгоград, Сталинабад Душанбе, Сталино Донецк, Сталинири Цхинвали және т.б. И. В. Сталиннің ескерткіштері бөлшектелінді. Сталинді сынға алған жүздеген кітаптар мен фильмдер жарыққа шықты. Сталиннің қызметіне теріс баға қоғамдық пікірде бекітіле бастады.

1953 жылдан кейін Сталинді бірнеше рет, қабірінен суырып алып, оны қорқынышты, ұятты және қажетсіз нәрсе ретінде тарихтан шығарып тастады. Оны тиран, диктатор деп атайды, бұл оның тоталитарлық билігінің табиғатын сипаттағанымен, бірақ оның істеген істерінің көлемі және неге мұндай басшы Ресейде пайда болғаны туралы еш сөз қозғалмайды.

Сталинге берілген Мао Цзедунның «70 пайызы дұрыс әрекеттер, 30 пайызы қателіктер» және У. Черчилльдің «ол Ресейді ағаш соқамен қабылдап, атом бомбасымен қалдырды» деген бағалары сырт көздің пікірі. Ал Хрущевтің XX съезде айтқан көзқарасы - талдау емес, саяси күрестің факторы. Сталин бейнесіне «Британ энциклопедиясындағы» анализ: «ерекше ерік-жігер, табандылық және салқынқандылық көрсетті», «жоспарлы экономиканың негізін қалады», «Сталиннің даңқының негізінде оның сөзсіз жетістіктері тұрды», «ол – Жеңістің әкесі болды», «оның жетістіктері оның деспоттық және қатыгез мінезімен бұрмаланған», «дүниежүзілік тарихтағы ең күрделі, ең қуатты және ең қарама-қайшылыққа толы тұлғалардың бірі». Дегенмен У. Черчилль бұдан да тереңірек: «Он был выдающейся личностью, импонирующей нашему жестокому времени, в котором протекала его жизнь» ,- деп айтып кеткен болатын [9, 611 б]. Осы тұста Францияның мемлекет қайраткері Шарль де Голльдің сөзін арқау етсек: «Сталин өткенде қалған жоқ – ол болашаққа сіңісіп кетті!», - дейді. Яғни, Сталин қайтыс болғанымен, ол қалыптастырып кеткен көсем бейнесі халық санасынан жойыла қойған жоқ.

И.В. Сталиннің тұлғасы тарихтағы ең күрделі және қарама-қайшылыққа толы бейнелердің бірі болып табылады. Ол тоталитарлық идеологияны насихаттап, жеке басқа табыну арқылы өз билігін нығайтты. Сталиннің басқару кезеңінде оның бейнесі пропаганданың қуатты құралы ретінде қолданылды, бұл көптеген адамдардың санасында оның тұлғасын «ұлы көшбасшы» ретінде қабылдауына себеп болды. Сонымен қатар, Сталиндік режимнің жағымсыз жақтары – жаппай қуғын-сүргін, адам құқықтарының бұзылуы, миллиондаған адамдардың өмірін қиған қылмыстар – оның тарихи мұрасын қарама-қайшылықты етеді. Осыған байланысты, XX ғасырдың екінші жартысынан бері Сталиннің бейнесі мен оның іс-әрекеттеріне баға беру мәселесі ғылыми және қоғамдық пікірталастардың нысанына айналды. Қазіргі таңда Сталиннің тарихи рөлі туралы пікірлер сан алуан. Бір тарап оны мемлекетті нығайтудағы маңызды тұлға ретінде қабылдаса, екінші тарап оны адамзат тарихындағы ең қатыгез диктаторлардың бірі деп санайды. Сталинге қатысты тарихи мұраны түсіну тек өткенді түсіндіру ғана емес, сонымен бірге бүгінгі қоғамның саяси және идеологиялық құрылымдарын талдауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Д. И. Лобанов, В. А. Бердинских.- Газета «Правда» в 1929–1939 гг. И формирование культуры личности Сталина // ВятГУ, 2020.
2. «Лучший друг немецкого народа»: культ Сталина в Восточной Германии (1945-1961 гг.) / Алексей Тихомиров. - М.: Политическая энциклопедия, 2014. - 310 с.: ил. - (История сталинизма).
3. Плампер Я. Алхимия власти. Культ Сталина в изобразительном искусстве. Авторизованный перевод с англ. Н. Эдельмана. – Новое литературное обозрение, 2010.- 496 с.
- Король В.Л. Смерть Сталина и реакция жителей Советской Белоруссии// Белорусский исторический обзор. 2021. - №1(4). - С. 183-197.

4. «Левада «Левада-Центр»: 70% россиян положительно оценивают роль Сталина жизни страны // Новая Газета. 16 апреля 2019 г. <https://novayagazeta.ru/news/2019/04/16/150907-levada-tsentr-70-rossiyanpolozhitelno-otsenivayut-rol-stalina-v-zhizni-strany>
5. Каблуков Е. В. Практики конструирования культа личности Сталина в советском медиадискурсе / Е. В. Каблуков // Известия Уральского федерального университета. Сер. 1, Проблемы образования, науки и культуры. — 2019. — Т. 25, № 1 (183). — С. 56-66.
6. Файнбург З. И. Не сотвори себе кумира... Социализм и «культ личности»: (Очерки теории). – М.: Политиздат, 1991. – 351 с.
7. Хлевнюк О. Сталин жизнь одного вождя: биография. – Москва: АСТ: CORPUS, 2015.- 464с.
8. С. Рыбас, Е. Рыбас. Сталин. Судьба и стратегия: В 2 кн. Кн. 2/. – М.: Молодая гвардия, 2007. – 634 с.
9. Суровая драма народа: Ученые и публицисты о природе сталинизма.-М.: Политиздат, 1989.-512.
10. Эпоха Сталина: события и люди. Энциклопедия. – М.: Изд-во Эксмо, Изд-во «Алгоритм», 2004.– 640с.

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Абдулла Г.А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Абишева Ж.Р.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

astanaastana08@mail.ru

Астана қ.

II дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы ең бір қасіретке толы кезеңдердің бірі болды. Адамзат баласы бұрын-соңды бұндай қасіретті бастан өткермеді. Соғыс майдан мен тылдағы халықтардың достығын шыңдады. Бұл кезде көтерілген «бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұран халықтың көкейтесті ойынан шығып, еліміздің көп ұлтты халқын бір мезетте жұмылдырды. Сын сағатта майдан мен тыл біте қайнаскан берік те тұтас организмге айналды. Тылда да майданның өзіндік шептері болды. Ол шептер заводтар мен шахталар, қырымандар мен жайлау, қыстаулардың жанынан өтті. Тыл жауынгерлерінің майданға жөнелткен астығы, қару-жарағы, киім-кешегі, сәлемдемелері майдангерлердің ерліктерімен ұштасты.

Халық шаруашылығын тез арада соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құру, күшті әскери экономиканы жасау міндеті күн тәртібіне қойылды. Себебі, сол кезде ғана бүкіл Еуропаның экономикасына сүйенген гитлерлік Германияның шығарып жатқан әскери техникасының сан жағынан басымдылығын жоюға болатын еді.

1942 жылдың орта шеніне қарай халық шаруашылығын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құру негізінен аяқталды.

Қазақстанның мұнай өнеркәсібі майданды және тылды мұнай өнімдерімен жабдықтауда, әсіресе майдан шебі Волга (Еділ) мен Кавказға жақындап, Баку мұнайының елдің орталық бөлігіне тікелей шығуы уақытша кесілген кезде елеулі рөл атқарды. 1942 жылы жазда Баку мен Грозныйдың майдандағы армиямен теміржол байланысы үзілді. Волганың төменгі сағаларына да қауіп төнді. Осы өте қиын-қыстау жағдайларда Кавказдың мұнай өнімдерін майданға ұзақ айналма жолмен: Баку – Красноводск – теңіз арқылы, ары қарай – Красноводск – Ашхабад – Ташкент – Орал – Сталинград – теміржол арқылы жеткізуге тура келді. Мұнай өнімдерін жаппай тасымалдау үшін Ашхабад теміржол желісінің өткізу мүмкіндігі шағын болғандықтан, жағдай одан сайын шиеленісе түсті. Оңтүстік майдандағы әскердің мұнай өнімдерінің қосалқы қоры тым мардымсыз болып шықты. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті мұнай өнімдерін Каспий теңізі арқылы барынша тезірек жеткізуді талап етті. Жанар-жағармайды Бакуден Гурьевке (қазіргі Атырау) дейін теңізбен, ары қарай теміржол және мұнай құбыры арқылы Гурьев – Орск бағытында майданға жіберу шешімі қабылданды. 1942 жылдың тамыз айында Баку мұнай өнімдерінің легі Гурьев арқылы ағылды, ал Оңтүстік майдандардың маңызды торабына айналды. шұғыл шаралардың ішінде Гурьевте мұнай өңдейтін завод салу қарастырылды. Завод құрылысы және мұнай құбырларын тарту үшін Большой Пешной – Гурьев – Орск бағытына Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімі бойынша КСРО мұнай өнеркәсібі Халық Комиссариатының нұсқауымен құрылыс ұйымы жіберілді. «Азнефтестрой» мен «Ембінефтестройдың» қосылуының негізінде ірі «Казнефтестрой» тресі құрылды.

Негізінен алғанда Қазақстанның мұнай өнеркәсібі қазан төңкерісіне дейін пайда болып, Кеңес өкіметі жылдарында едәуір өркендеді. 1922 жылы Ембімұнай Бүкілодақтық тресі құрылып, 1940 жылы ол Қазақстан мұнай комбинаты, 1945 жылы Қазақстан мұнай бірлестігі болды. Бірлестікке Гурьев және Ақтөбе облыстарының мұнай кәсіпшіліктері кірді. Жайық-Ембі мұнайлы ауданын игеру жөніндегі шаралардың нәтижесінде бірлестіктің материалдық-техникалық базасы нығайып, мұнай шығару артты. 1935 жылы Гурьев – Қосшағыл су құбыры (ұзындығы 640 км) салынып, мұнай кәсіпшіліктерін сумен қамтамасыз ету проблемасы шешілді. 1940 жылдың аяғында Гурьев – Қандыағаш кең табанды темір жолы пайдалануға берілді. Мұнай